

Хаттама №1

«Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау туралы»

02.09.2024 ж

**Астана қаласы
«№43 ҚББМО» ШЖҚ МКК**

Қатысқандар саны – 60 адам

Қатысқандар: мектеп директоры Н. Жагабаев,
Директордың оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: К.К. Саттыбаева,
С.Т. Кусбекова, А.Е.Изатова, кәсіподақ ұйымының төрайымы
Г.С.Рахимбаева, бас есепші Р.Ш.Гайнудинова, пән мұғалімдері

Күн тәртібінде

1. Мұғалімдер, соның ішінде мектеп бухгалтерлерінің қызметінің жоғары жауапкершілігі және заңсыз әрекеттер мен бюджет қаражатын орынсыз жұмсау заңға қарсы екенін түсіндіру.

2. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кулаш Кенжебаевна Саттыбаева сөз алды. Елімізде жемқорлықпен және ұйымдасқан қылмыстық күресті күшейту шараларына орай «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» арнайы заңдар қабылданды. Жемқорлық жемқорлыққа қарсы күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылады. Осыған орай әр бухгалтердің лауазымдық нұсқаулығында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасына және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өзге де міндеттерін орындау толық көрсетілді.

2. Әр пән мұғалімінің лауазымдық нұсқаулығында Қазақстан Республикасының Конституциясын, ҚР «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңдарын және білім туралы басқа да құқықтық құжаттармен қатар ғылыми-әдістемелік, ұйымдастыру басқару міндеттері; педагогика теориясы; жас физиологиясы, мектеп гигиенасы пәннің оқу әдістемесі, тәрбие әдістемесі толық көрсетілді.

3. Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңының 9 – бабы негізінде өтетін мерекелік іс – шараларға байланысты заңсыз ақша жинамау туралы бұйрық шығарылды.

Шешім қабылданды:

1. Мектептегі сыбайлас жемқорлыққа қатысты іс-шаралар күшейтілсін.

Хатшы – Абаева Медина Аманбекқызы

Мектеп директоры



Н.Жагабаев